«Мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшаға бейімделу жұмыстары»

Мақсаты: Балабақшаға жаңадан келген балалардың жеңіл бейімделуі үшін педагог-тәрбиешілерге кеңестер беру. Ата-аналармен бірлескен жұмыс тиімділігін түсіндіру. Ұжымдық оңтайлы қарым-қатынас орнату.

Бала жаңа ортаға келгенде өзіне үйреншікті емес ортаға келеді. Салдарынан балада эмоционалды өзгерістер орын алады. Тәрбиешінің негізігі міндеті – балаға стрессті жеңуге және жаңа ортаға бейімделуге көмектесу.
Бейімделу – адамның жаңа ортаға бейімделуі.
3 деңгейі болады:
Жеңіл
Алғашқы күннен бастап бала балабақшаға қуанышпен келеді. Оған мұнда болу ұнайды. Кейде қарсыласулар болады, бірақ тез қайтады. Аз ауырады. Тәрбиешіні тыңдайды, өзіне қызмет жасай алады. Мұндай адаптация ұзақтығы 7-14 күн.
Орташа
Ата-анамен қоштасқан алғашқы сәтте ғана көңіл-күйі түседі де, кейін ұмытып, ойнап кетеді. Тәрбиешіні тыңдайды, бірақ кейде құлақ аспауы мүмкін. Балалармен тығыз қарым-қатынас салдарынан жиі ауыруы мүмкін. Бірақ ұзаққа созылмайды. Бейімделу ұзақтығы – 14-21 күн.
Ауыр
Балабақша туралы кез-келген әңгімеге балада жылау болады. Топқа күшпен кіргізуге тура келеді. Мұндай стресстен ол көп ауырады. Кейде алдыңғы білетіндерін ұмытып қалуы мүмкін. Ұзақтығы 60 күнге дейін

1 жаттығу «Шарық жіп»
Қолындағы шарық жіпті келесі адамға беру арқылы өзінің есімінің мағынасын түсіндіреді
2 жаттығу. «Бейсанамызға сөз берейік»
Көздерін жұмып, психологтың сөзін ғана тыңдай арқылы балалық шағына, қазіргі шағына және болашағына көз жүгіртеді.
3 жаттығу. «Тәрбиешінің мейірімі»
Ақ параққа гүлдің суретін салып, күлтешелерге топтағы балаларына деген сүйіспеншіліктерін жазады
4 жаттығу «Жағдаят»
Педагогтар жағдаятты оқып, өз ойларын айтады.
І топқа: топтағы балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?
ІІ топқа: Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер. 4- 6 жастағы бала күніне көптеген сұрақ қоятын көрінеді. Сіздің топтағы балаңыз осындай сауалдарды көп қойса, жауап беруге тырысасыз ба, жоқ әлде елеусіз қалдырасыз ба?
ІІІ топқа: Кейбір ата- аналардың баласының әрбір істеген іс–әрекетіне көңілі

толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың»,- деп айтып жататынын байқаймыз. Осындай ата-аналарға қандай кеңес айтар едіңіз?

Тәрбиешілерге кеңес:

- Ата-ананы баланы әкелмес бұрын балабақшаға экскурсияға шақыру. Балаларының қайда ұйықтап, ойнап, тамақтанатынын көрсін. Ата-ана тыныштығы балаға беріледі. Сондықтан ата-анаға күн тәртібін таныстырған дұрыс болады.
- Чат ашу
- Балабақшаға балаларын ерте әкелуін сұраңыз. Бұл сізге әр баламен жеке қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.
- Психолог берген жаднама, кеңестерді міндетті түрде чатқа жіберіңіз, таныстырыңыз.
- Баламен алғашқы кездесуден мейірімді болыңыз. Өзіңізді дос деп сезінсін
- Топта балаға ыңғайлы ахуал орнатыңыз. Мүмкін үйлерінен әкелген ойыншықтарына арналған бұрыш
- Әлсін-әлсін баланы құшақтап, аймалап отырыңыз. Тактильді қарым-қатынас балаға қорғаныс сезімін сыйлап, тезірек бейімделуге көмектеседі.
- Әр бала балабақшада мамасын сағынады. Отбасылық альбом құрыңыз. Бала бойы жететін жерге қойығыз. Кез-келген уақытта балалар барып тамашаласын.
- Балаларға топтық және жеке қызықты ойындар өткізіңіз. Егер балалардың уақыты аз болса олардың уайымдары екінші орынға ығысады. Сонымен қатар ойындар тәрбиешіні үнемі көмекке дайын лидерге айналдырады.

Балабақшаға бейімделудің ыңғайлы алгоритмі:

- Алғашқы аптада баланы тек таңертеңгі 1-2 сағатқа ғана әкелу немесе таңертеңгі серуенге ғана қосып, кейін алып кету.
- Екінші аптада баланың балабақшадаға уақытын түскі асқа дейін созу.
- 3-4 ші аптада түскі ұйықыға қалдырып, бірақ ұйықыдан тұрған бойда үйге алып кету
- 4ші аптадан соң баланы толық күнге қалдыруға болады.

Тәрбиеші баланың бейімделуін қатаң назарда ұстаған жөн. Баланы толық бейімделді деп есептейміз, егер:

- Себепсіз жыламайды және анасы туралы сұрамайды
- Өзге балалармен және тәрбиешімен қызығушылықпен қарым-қатынас жасайды.
- Жақсы ұйықтайды, тамақтанады және ауырмайды.

«Тілек шамы». (Қорытындылау)

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

Оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.